

негізделіп жазылған болатын. «Тіл – құралдан» кейінгі кітаптар соңғы кезге шейін байқау әдісінің принциптеріне сүйенді. Орыс грамматикасының үлгісімен «тіл дамыту» деген грамматика жазылып жүрді»- деген болатын [6,14].

С.Аманжолов., А.Аманжолов., Г.Қосымовалардың 8-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығындағы тілдік материалдар құрылысына қарай фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық және стилистикалық болып жіктеліп, ережелер жүйесін құраған. Бұған тақырып анықтығы, термин дәлдігі, әр тақырыптың басқа тілдік материалдармен байланысы, тілдік фактілердің өзіндік белгілері мен жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері жатады. Мәселен, 8-сыныпта қазақ тілінен өтілетін грамматиканың синтаксис саласы, сөйлем, сөйлемнің құрамы, жай сөйлемнің түрлері, құрмалас сөйлем, төл сөз, төлеу сөз, білімді кеңейтетін қосымша мәліметтер туралы қағидалар теориялық материалдар болып, сол сыныптың бағдарламасы мен оқулығына енгізілген.

С.Аманжоловтың қазақ тіл білімі үшін сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Біздің қарастырып отырған мәселе соның бір тамшысы іспетті болмақ. Олай болса, аса көрнекті тіл маманы не бары 55 жыл ғұмыр кешкен, оның ширек жылын ғылымға арнаған С.Аманжоловтың ғылыми шығармашылық өмірбаянының әр беті бір-бірімен тығыз байланысқан әрі жемісті кезеңдер сәтінен тұрады.

30-жылдары қазақ тілшілерінің басты назар аударған бағыттарында екі нәрсе қатар жүрді:

Бірі – қазақ тіл білімінің барлық салалары ғылыми зерттеу нысаны;

Екіншісі – осы ғылыми зерттеу негізінде жоғары мектеп пен орта мектеп үшін қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын құрастыру, бағдарламалар жазу ісі.

Мұнда да профессор С.Аманжоловтың ғылыми шығармашылығының алғашқы жылдарында аталған проблемалар қатар жүрді. 1931 жылы «Жаңа мектеп» журналында басылған «Ана тілінің маңызы», 1932 жылы осы журналда жалғасын тапқан «Мектепте ана тілін оқытудың мақсаты мен маңызы» деген мақалаларындағы ұлт тілі – ұлт байлығы принципіне негізделген ойлары ғалым ұстаздың 1932 жылы қазақ тілі бағдарламаларының ең алғашқы нұсқасын жасауына негіз болды.

Ғылымның тек дамудан тұратынын ескерсек, онда ғылым дүниесінде өлшеусіз биіктер бар екендігін мойындау қажеттігі ақиқат. Олай болса әр ғалымның өз шыққан биігі бар, ол сонысымен ерекшеленеді. Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, аса көрнекті ғалым С.Аманжолов ХХІ ғасырда да өз биігінен көріне береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Орта мектептің V-VI-VII кластарына арналған қазақ тілі программасы. - Алматы: Қаз. мем. баспасы, 6 б.
2. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 бөлім. Морфология: Орталау, орта мектептердің 5-6 кластарына арналған. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1939. -104 б.
3. Аманжолов С., Аманжолов А., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Мектеп. 2004. 205 б.
4. А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. 1939. 1 том. 101 б.
5. Аманжолов С. Ғ. Бегалиев «Қазақ тілі грамматикасы». Жеті жылдық және орта мектептердің 6-7 кластарына арналған. (2- бөлім. Синтаксис.). 1946.
6. Шалабай Б. С.Аманжоловтың ғылыми синтаксис теориясы бойынша көзқарастары. // Профессор С.Аманжолов және қазақ тілінің мәселелері - Алматы, 1997. -27 б.

ТІЛДЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Айтбаева Б.М., ф.ғ.к., доцент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Бапахова Р.Ж.,
Алтын сақа балабақшасы*

Қашықтықтан оқыту курстарының маңызды ерекшелігі – интерактивтілік. Білім беру ақпаратының пайдаланушымен арадағы өзара әрекет тәсілдерін талдаудың негізінде қашықтықтан оқыту курстарын үш топқа бөлуге болады:

1) интерактивтік емес – білім алушымен кері байланыстың болмауымен сипатталады (компьютерлік энциклопедиялар, дәрістер, мақалалар);

2) шартты-интерактивтік – құрамында өзін-өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары және басқа да құралдары бар (мәселен, мультимедиа), соның негізінде кері байланыс болады-мыс деген пікір қалыптастыратын бағдарлама;

3) интерактивтік – оқыту технологиялары оқытушымен, оқу орталығымен, курстастармен кері байланыстың (онлайндық курстар, интернет-конференциялар) арналарын үнемі қолданудың көмегімен оқытудың шынайы үдерісіне жанасатын бағдарлама.

Қашықтықтан оқыту технологияларының әр алуан түрлері бар: кейс-технология, ТВ-технология, желілік технология.

Кейс-технология дегеніміз – мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық оқу материалдарының жинағын (кейстерін) пайдалануға және оларды оқытушылар мен тьюторларға дәстүрлі немесе қашықтық формасында үнемі кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру жағдайында білім алушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген оқытудың қашықтық технологиясының бір түрі.

ТВ-технология – білім алушыларға оқу-әдістемелік материалдарды жеткізу және оқытушылар мен тьюторларға үнемі кеңес беруді ұйымдастыру үшін теледидар жүйесін пайдалануға негізделген оқытудың қашықтық технологиясының бір түрі.

Желілік технология – студенттерді оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін және оқытушылар, әкімшілер және білім алушылар арасында интерактивті өзара әрекет етуді қамтамасыз ету мақсатында телекоммуникация желілерін пайдалануға негізделген оқытудың қашықтықтан оқыту технологиясының бір түрі.

Қашықтықтан оқыту технологиялық, мазмұндық және ұйымдастырушылық бөліктерден тұрады.

Технологиялық бөлік материалдық-техникалық базаға және бағдарламалық қамтамасыз етуге (компьютерлер, желілер, бағдарламалық қамтамасыз ету) негізделген.

Мазмұндық бөлік қашықтықтан оқыту курстары, мамандандырылған сайттар және порталдар түрінде ақпараттық ресурстарды құруды білдіреді.

Ұйымдастырушылық бөлік оқытушыларды даярлау және қайта даярлауды, оқу үдерісін ұйымдастыруды қарастырады.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін оқыту құралдарының жүйесі, сонымен қатар ақпараттық-білім беру ортасы (оқу материалдарының, оларды өңдеу, сақтау, тапсыру және оларға қол жеткізу құралдарының жиынтығы) қажет. Қашықтықтан оқытудың оқу үдерісі виртуалды сыныпта (бір-бірінен қашықтықта орналасқан көптеген жұмыс орындарында (компьютерлерде) жүзеге асырылады. Мұндайда білім алушылар бір-бірімен және оқытушымен өзара интерактивті әрекет ету мүмкіндігіне қарай мазмұны бірдей оқу рәсімдерін тапсыру арналары арқылы орындайды. Оқу қызметін ҚО жүйесінің профессор-оқытушылар құрамына кіретін және қашықтықтан оқытудың нақты бағдарламасының аясында білім алушыларға әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсететін тьютор-әдіскер, оқытушы ұйымдастырады.

Қашықтықтан оқыту курстары төмендегідей белгілер бойынша сипатталады:

1) курстың мақсатты түрде бағытталуы, курс кімге арналған (оқушыларға, студенттерге, оқытушыларға);

2) мазмұндық аспект, курстың мазмұны;

3) ақпаратты курс пайдаланушыларына жеткізу сипаты және тәсілдері (электрондық пошта, әдебиеттерді, Интернеттегі ресурстарды жіберу);

4) курстағы кері байланыстың болу сипаты және тәсілдері;

5) бұл курсты әзірлеу және жүзеге асыру деңгейі (жеке курс, курсқа қосымша).

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – қашықтықтан оқу ақпаратымен алмасуды қамтамасыз ететін және оқу үдерісін жетелеу мен әкімшіліктендіру жүйесін іске асыратын ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға бағытталған арнайы білім беру ортасының көмегімен білік пен дағдыларды қалыптастыру, білім алу үдерісі.

Қашықтықтан оқыту төмендегідей міндетті құрылымдық бөліктерге негізделеді:

1) ұйымдастырушылық қызметтерді атқаратын оқу орталығы (оқу мекемесі, зертхана);

- 2) ақпараттық ресурстар – оқу курстары, анықтамалықтар, әдістемелік және басқа да материалдар);
- 3) қашықтықтан оқытуды қамтамасыз ету құралдары (компьютерлер, байланыс сызықтары);
- 4) оқытушылар, тьюторлар;
- 5) білім алушылар.

Қашықтықтан білім алу – оқу процедураларының барлығы немесе көп бөлігі оқу үдерісін ұйымдастырудың кеңістік және уақыт факторларына тәуелсіз, қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы.

Қашықтықтан оқыту курсының элементтері мыналар:

- 1) ақпараттық ресурстар (дәрістер, дәріс конспектілері, бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар және әзірлемелер), қосымша ақпараттық материалдар (оқытушының кеңесі, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар, форумдар), ресурстар кітапханасы, электрондық сөздіктер, Интернеттегі қосымша материалдар;
- 2) қарым-қатынас жасау құралдары (электрондық пошта, хабарландыру тақталары, конференциялар, форумдар, семинарлар, сауалнамалар, чаттар);
- 3) тестілеу жүйесі (бақылау тапсырмалары, тесттер, рефераттар);
- 4) әкімшілендіру жүйесі (білім алушылардың мәліметтер базасын ұйымдастыру, сауалнама жүргізу, хабарландыру тақталары, бағдарлама және сабақты жоспарлау, бағалау жүйесі және т.б.).

Қашықтықтан оқыту жүйесі ұйымдастыру және тиімді жұмыс істеу үшін интернеттегі оқу курстарын қолдауы және білім алушылармен сенімді байланысты қамтамасыз етіп, білім алушыларға оқу материалдарын жеткізуі, білім алушылардың өзара бір-бірімен және оқытушымен қарым-қатынасын ұйымдастыруы (конференциялар, форумдар, чаттар) керек.

Қашықтықтан оқыту курстарын құру технологиясы туралы сөз болғанда, жалпы курсты құрудың бірнеше тәсілдерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) қашықтықтан оқыту курстарын құру үшін дайын жүйелерді қолдану;
- 2) қашықтық курстарын құру үшін арнаулы бағдарламалық құралдарды пайдалану (бағдарламалау тілі, мультимедиялық тұсаукесер, мультимедиялық қосымшалар);
- 3) қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеуге арналған инструменталдық құралдарды пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Амиргалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі // Білім.-Алматы, №4, 2009 ж. Б.17-19.
2. Амандыкова Г. Шет тілін оқыту әдістемесі.- Алматы, 2007ж. 105 б.
3. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім.- Алматы, № 5, 2006 ж. Б.22-24.
4. Такишева Г. Модулдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі // Білім.- Алматы, № 4, 2009 ж. Б.34-38.

ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Айтбаева Б.М., Абдрахманова Г.Х.,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тіл үйренушілер үшін интернетшынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық почта, off-line-телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым-қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web-бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жаңдандыру мүмкіндігі болып табылады.

Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр. Қашықтықтан оқыту нұсқасы, бір жағынан, білім алушыға оның жеке мүмкіндіктері мен қабілетіне сәйкес көлемде қажетті білімді